«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
қоғамдық бірлестігі

160000, Шымкент қаласы, Әл Фараби ауданы,
БСН 130340 001597 БСК TSESKZKA
ЖСК KZT16998STB0000274183 «Цеснабанк» АҚ

Общественное объединение
«МӘҢГІЛІК ЕЛ»

160000, г. Шымкент., Аль Фарабиский район,
БСН 130340 001597 БСК TSESKZKA
ЖСК KZT16998STB0000274183 «Цеснабанк» АҚ

26.03.2019 № 2

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

көшірмесі
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы Б.Көшербайға

Түркістан облыстық дін істері басқармасы басшының м.у.а. Р.Жүнісоваға

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» қ/б Шымкентқ.,
Байтурсынова 86А үй, 47 пәтер
E-mail: aida_06@list.ru
БСН 130 340 001 597
Тел. 8-702-125 25 20

Шағым

Түркістан облыстық дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралар» бойынша 2019 жылғы 13 ақпан күні www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы №3105621-1 хабарландырумен 9 лот жариялаған болатын.

Ағымдағы жылғы 19 наурыз күнгі аталған конкурстың қорытынды хаттамасында конкурстық комиссия мүшелері конкурстық құжаттамаларды қарау барысында кемшіліктерге жол бергеніне көз жеткіздік.

2019 жылғы дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы лоттардың саны мен алдыңғы жылға қарағандағы қарастырып отырған қаржының тең жартысын құрауына қарап, облыстағы дін саласындағы мемлекеттік саясатқа тиісті деңгейде көңіл бөлінбей отырғандығын аңғаруға болады. Бұл ең алдымен басқарманың кемшілігі деп түсінеміз.

Ең алдымен конкурсты ұйымдастыру барысындағы тапсырыс берушінің өрескел кемшіліктеріне тоқталып кетсек:

Жоғарыда айтылған конкурстың 23546714-ГСЗ1 лотына 7 әлеуметтік өнім беруші өтінім берген. Конкурстық комиссия мүшелері конкурсты немесе лотты бағалауды объективті тұрғыдан емес субъективті ұстанымды ұстанғандығын аңғардық. Олай айтуымыздың себебі, комиссия мүшелері қолданыстағы заң нормаларына қайшы келетін іс-әрекеттерге жол беріп, «МӘҢГІЛІК ЕЛ» қоғамдық бірлестігін конкурстан негізсіз қабылдамаған.

Атап айтқанда,

1. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» қоғамдық бірлестігінің конкурстық құжаттамасын (ары қарай – КҚ) қабылдамау себебін *«Әлеуетті өнім беруші мамандарды қамтамасыз ету мүмкіндігін растайтын құжаттар қатарында жобада жұмыс істеуге келісім бермеген маман Асканбеков С.Б. көрсету арқылы жалған мәлімет ұсынған (маманның арызы қосымша тіркеледі).;»* Алайда, С.Асқанбековке хабарласқан кезімізде белгілі болғаны, комиссия мүшесі Қ.Абуов С.Асқанбековке (Шымкент қаласының тұрғыны болуы себепті) облыстағы теологтар мамандар тізімінен шығарамыз деп, мәлімдеменің дайын мәтінін беріп, көшіріп берсең болды деген. Яғни, Қ.Абуов С.Асқанбековке дұрыс ақпарат бермеген немесе шатастырған. 2019 жылғы 19 наурыз күні Самат Асканбековке хабарласқан мерзімде комиссия мүшесі Қ.Абуов «МӘҢГІЛІК ЕЛ» к/б-не қатысты дұрыс емес ақпарат беруіне орай және біздің ұйым жеңімпаз болып танылған жағдайдың өзінде С.Асқанбековты өзінің негізгі жұмыс орны болуына байланысты, басқарма кездесулер өткізетін дінтанушылар тізіміне кіргізе алмайтындығын алға тартқандығын жеткізді. Сонымен қатар, конкурстық комиссия мүшелері неге біз тартқан лекторлардың барлығына хабарласқанды күмәнді көрінді. Комиссия мүшелері сонда жобаға тартылатын мамандарға хабарласуда алдын ала іріктеу жүргізген ба? 2019 жылғы 19 наурыз күні мән-жайды толық түсіндіргеннен кейін С.Асканбеков комиссия төрағасы мен құзырлы органдарға а.ж. 17 наурыз күнгі мәлімдемесін теріске шығару туралы түсініктеме жазып берді. (Қоса тіркеледі)

2. Комиссия мүшелері рұқсат берген «Рухани Алатау» қоғамдық бірлестігі техникалық ерекшеліктердегі талаптарды толық орындамаса да, қалай рұқсат беріп отыр? Техникалық ерекшеліктің талабын ішінара орындаған, себебі тапсырыс беруші *«Көрсетілген 6 тақырып бойынша сауалнама парағының жобасын ұсыну (конкурстық құжаттамада алдын ала салу);»* талапта анық 6 тақырып бойынша сауалнама парақтарының жобасын ұсыну қажет. Комиссия мүшелері неге бұны ескермеген. Ішінара орындаған деп те айта алмаймыз, Астана қаласына арналған сауалнама парақшасын ұсынған. Сауалнама парақшасында ішінара ғана діни тақырыптар бойынша сұрақтар бар. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» қоғамдық бірлестігі 6 тақырып бойынша сауалнама парақтарының жобасын КҚ-сында ұсынған.

3. КҚ-ның ажыратылмас бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігінің тағы бір талабында *«**Сауалнамаларға анализ жасаушы мамандардың жұмыс тәжірибесін**, біліктілігін растайтын құжаттарды, анықтамаларды ұсыну (дипломдарының көшірмесін конкурстық құжаттамада алдын ала салу);»* «Рухани Алатау» қоғамдық бірлестігі талапты орындамаса да конкурстық комиссия мүшелері рұқсат беріп отыр. Оның үстіне тартылып отырған дінтану мамандарының **Абзал Бектурганов пен Халыков Медет Музапбарулы жеке куәліктерінің жарамдық мерзімі өтіп кеткен.** Тағы бір дінтанушы маман Мади Бесбаевқа хабарласқанымызда «мен құжат беруіме рұқсат бергенім жоқ, комиссия мүшелері хабарласып сұраған жоқ» деп айтты. Осы жерде тапсырыс беруші яғни комиссия мүшелері КҚ-ға ұсынылған мамандарға іріткі

жасау арқылы хабарласқан ба? Әлеуметтік өнім берушілердің заң алдында құқығы тең емес па? «Ел бірлігі» мен «МӘҢГІЛІК ЕЛ» қ/б-нің маманына хабарласады да «Рухани Алатау» қ/б-нің хабарласпаған. Бұл «Рухани Алатау» ұйымының мүддесіне қорғап тұр деген ой түйіндісін тудырады екен. ҚР Еңбек Кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек тәжірибесін растайтын құжаттар тізбесіне еңбек кітапшасы кіреді. Бұл норма КҚ-ның 6-қосымшасының төменгі бөлігінде орналастырылған Ескертуде де ескерілгендігі анық көрініп тұрса да комиссия мүшелері көрінеу түрде мән бермей отыр деген ойға тоқтадық.

Бұнысы аздай, «Рухани Алатау» ұйымы тартып отырған мамандар тапсырыс берушінің қарасты мекемеде М.Халықов басшы міндетін атқарушысы болса, ендігілері А.Бектұрғанов, И.Абулхайров маман болып қызмет атқарады мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы 6-баптың 1,2 тармақтарында тайға таңба басқандай жазылып тұрған нормаларын орындамай отырғаны айдан анық көрініп тұр.

4. Одан бөлек 2018 жылдан бері жаңадан ашылған ұйымдар бұрынғы жеңімпаз ұйымдардың техникалық ерекшеліктерін сөзбе-сөз көшіріп келеді. Конкурстық комиссия неге біртегіс сөзбе-сөз жазылған КҚ-ның ажыратылмас бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігіне мән беріп, алғашқы негізгі нұсқасын қайдан алғандығын неге сұрамағандығы, өнім берушілерден сұрамаған.

Мемлекеттік сатып алу туралы 2015 жылғы 4 желтоқсан күнгі №434-V ҚР Заңы

...

6-бап. Мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер

1. Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жегжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

2) әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның жұмыскері және (немесе) оның үлестес тұлғасы тапсырыс берушіге не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға өткізілетін мемлекеттік сатып алуды дайындау бойынша сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетсе, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу жөніндегі мемлекеттік сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатысса, өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес.

ҚР Еңбек Кодексі

....

35-бап. Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар

Мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен расталған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (болған кезде);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

8) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

КҚ-ның 6- қосымшасы
Ескерту:

...

4. Жұмыс тәжірибесі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжат аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер және Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларымен көрсетілген құжаттардың бірі электрондық көшірмелері болып табылады. Бұл ретте, қызметкердің жұмыс тәжірибесі соңғы он жылы ескеріледі.

Жоғарыдағыларды хабарлай келе, СҰРАНАМЫЗ:

1. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы мен «**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы талаптарына сәйкес келу заңдылығын тексеруді және заң бұзушылық анықталған жағдайда жоғарыда аталған лот бойынша конкурстың қорытынды хаттамасын **заңсыз деп танып конкурстың №23546714-ГСЗ1 лотын қайта қарауға жіберуді** қамтамасыз етулеріңізді сұранамыз.

2. Жоғарыдағы баяндалған фактілерді басшылыққа ала отырып Тапсырыс берушіге ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабына сәйкес шара қолдануды.

3. Шағымға жауапты Aida_06@list.ru электронды поштасына жолдауларыңызды.

4. Осы өтініш өңірлік деңгейде шешілмеген жағдайда, жоғары тұрған республикалық уәкілетті органдардың назарына жеткізуге, Сотқа жүгінуге мәжбүрміз.

Қосымша:

1. 2019 жылғы 19 наурыз күнгі С.Асканбековтің Түсініктемесі – 1 парақ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ҚБ төрағасы **С.Қазыбек**

Орынд: У.Маймакова
Тел: 8 705 255 25 37
E-mail: Aida_06@list.ru

"Түркістан облысы Діни істері басқармасы басшысының уақытша міндетін атқарушы, конкурстық комиссияның төрайымы Р. Жүнісованың

Қызылы органдарға

С.Б. Асканбековтан

Түсініктеме

17.03.2019 жылы мәлімдемем бойынша:

2019 жылы 17 наурызда конкурстық комиссия мүшесі Қ. Абуов "Мәңгілік ел" қоғамдық бірлестігіне қатысты дұрыс емес ақпарат беруіне байланысты мәлімдемем дұрыс жазылмады. Негізінде мен қоғамдық бірлестікке құжаттарымды өзім тапсырған болатынмын. Сондықтан 17.03.2019 жылғы мәлімдемемді жарамсыз екендігін хабарлап, 2019 жылы 19 наурыздағы қорытынды хаттаманың төменгі қиығында орналасқан мәлімдемемнің күші жоқ деп есептеуді сұраймын.

19.03.2019 ж

Түсініктеме өз қолымен жазылды.